

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮР-ТҮСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сақау А., Волоха А.

Ғылыми жетекшісі – Нұрмұхаметова Қ.Т.

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности перевода казахских и английских фразеологизмов. При переводе устойчивых сочетаний с одного языка на другой возможно изменение значения и, следовательно, его употребление в другом контексте.

Abstract. This article considers the particularities of translation of English phrase logical units into Kazakh language. The phrase logical units can change their meanings by translation and can be used.

Қай халық болмасын өзінің ұлт болып қалыптасуы, сақталуы және дамуы үшін өз тілін сақтауы қажет. Тіл арқылы әр адамның бойына, еліне, жеріне, ұлтына деген сүйіспеншілік, патриотизм беріледі. Ұлттық сананың оянуы да осы мәселемен тығыз байланысты. Қазақстан халықтар ассамблеясының XII сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы «Өз Отанының патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегінде ұялату». Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отаннан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді қасиетті нышан және ол елдің барша азаматтарын біріктіру тиіс», – деп нақтылады. Мемлекеттік тіл қазақ тіл – мемлекеттіліктің өзегі болып табылады.

Көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан қоғамында тіл мәселесі маңызды рөл атқарады. Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады. Елбасымыз үстіміздегі жылы Қазақстан халқына арнаған “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Жолдауында “Тілдердің үштұғырлығы” мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсеткен.

Тақырыптың өзектілігі.

Бүгінгі таңда адамзат тарихының шексіз өрлеп, кемелденген заманында мәдениет пен өнер, саясат пен тіл салаларында халықаралық қатынастың дамып, жанданған уақытында салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімі ең өзекті де көкейтесті мәселенің бірі болып отыр. Олай дейтініміз, тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, қайталанбас қасиетін танып білуге жол ашады. Салғастырмалы тіл білімі мәдениетаралық қатынастың төрінен орын алып, халықтардың бір-бірімен түсінісу барысын жүзеге асыруға кеңінен ат салысады. Қазақ тілін басқа да шетел тілдерімен салғастыра қарастыруды дамыту – ана тіліміздің қолданылу аясының кеңейіп, мемлекеттік тіл ретіндегі статусы мерейінің үстем болуына үлкен әсер ететіні сөзсіз.

Тақырыптың мақсаты.

Өркениет заманы қаншалықты шарықтау шынына шықса да, ұлт мәдениетін ұлт тілінен бөліп алып, дамыту мүмкін емес. Ұлт мәдениетінің қай түрін алсаңыз да, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін фразеологизмдер болып табылады.

Фразеологизмдер – тіл атаулының бәріне тән құбылыс. Тілдердің, әсіресе, құрылымы әр түрлі туыстас емес тілдердің фразеологизмдерін кешенді түрде салғастыра зерттеу – салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімінің қызықты, әрі келешегі мол саласы.

Фразеология саласын тіл білімінің жеке пәні ретінде қалыптастыруда, оның нысандарын, тілдегі орны мен табиғатын зерттеу әдістерін анықтауда, маңызды теориялық тұжырымдар жасауда көптеген отандық және шетелдік ғалым лингвистердің еңбектері ерекше орын алады. Олардың ішінде Копыленко М.М., Кеңесбаев І., Қайдаров А.Т., Сәбитова М.Т., Чер-

нышева И.И., Флейшер В., Добровольский Д., Исабеков С.Е., Сәтенова С.К., Смағұлова Г.Н., т.б. атақты ғалымдардың жалпы және салыстырмалы-салғастырмалы фразеология саласының дамуына қосқан үлестері орасан зор.

Тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеу олардың бір-бірімен ұқсастық, бір-бірінен айырмашылық заңдылығын анықтауға, тілдің ұлттық қасиеттерін тереңірек түсінуге, жалпы және жеке аударма теориясының қалыптасуына зор мүмкіндіктер береді. Тілдерді, әсіресе, үнді-еуропа тілдерінің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, т.б. жүйелерін типологиялық салғастырмалы әдісімен зерттеу ХХ ғасырдың екінші жартысынан басталып, бүгінгі таңда бұл бағыт салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімі ретінде өз алдына лингвистикалық жеке сала ретінде қалыптасып отыр. Осы саланың басты бір тармағы ретінде түркі және ағылшын тілдерін салғастыра зерттеу енді ғана өз бастауын тауып келеді.

Сондықтан да түркі-ағылшын, оның ішінде ағылшын және қазақ тілдерін салғастыра зерттеуде әлі шешуін таппаған мәселелер, міндеттер тұр. Осы мәселелердің бірі – ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түс табиғатымен байланысты фразеологиялық тіркестерді кешенді түрде салғастыра зерттеу.

Түр-түстер халық өнерінде, ауыз әдебиетінде, халықтың ой-пікірінде, абстрактылы ұғымдар мен көңіл-күй сезімдерін бейнелі түрде беруде кеңінен қолданылады. Түр-түс фразеологизмдері – халықтың тарихын, салт-дәстүрін, адамгершілік заңдылықтарын, кәсібі мен тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын, ой-жүйесін, жан сарайын бейнелейтін ең қысқа формадағы болмыс пен тұрмыс ережелері болып табылады.

Егер фразеологизмдерді сөзбе-сөз аударатын болсақ, онда біз өз халқымыздың және басқа елдердің сөйлеу мен жазба әдебиетіне нұқсан келтірген болар едік. Мысалы ағылшын тіліндегі, *As busy as a bee* – толассыз жұмыс жасау дегенді сөзбе-сөз дәл аударсақ, ол тіпті күлкілі «жұмысты арадай жасау» деп шығар еді.

Қазақ тілінде тұрақты сөз тіркесі сөйлемнің құрамына еніп, оның синтаксистік сөз тіркесінің басынқы не бағыныңқы сыңарының қызметін атқарады. Мысалы: Қас пен көздің арасында жетіп келді – деген сөйлеміндегі басынқы сыңары жетіп келді, бағыныңқы сыңары қас пен көздің арасында болады.

Ал, «төбе шашы тік тұрды» деген тұрақты сөз тіркесін алайық, мұндағы сөздер тура мағынасынан айырылған, тұтастай «қорқу» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан әр фразеологизмнің мағынасына қарау керек.

Және де қазақ тілінде тұрақты сөз тіркесі фразеологизмдер деп аталса, ағылшын елдерінде идиома деп аталады.

Ал ағылшын идиомасына келсек, ол да өзіндік ерекшелігі бар. Мысалға: идиомалар көбінесе ертегілерде, жай және құрмалас сөйлемдерде көп қолданылады.

1. *The small boy was very brave. Even when the large dog growled at him and showed its teeth he stood and did not turn a head.* Бұл жердегі идиома «*did not turn a head*». Кішкентай ұл өте батыл болған. Ол тіпті ит үрген кезде, қорықпай бір орында тұра берген деген мағынаны білдіреді. Ал, идиомасын сөзбе-сөз аударсақ, «ол басын бірде-бір қозғаған жоқ» десек, сөздің мағынасы өзгеріп кетеді де, тіпті түсініксіз болып қалады.

2. *He was too soft – hearted and could not refuse money to his children and relatives whenever they asked for it.* Бұл жердегі идиома «*He was too soft hearted*» *soft – hearted* деген сөзінде жұмсақ жүрек деген мағынаны білдіреді. Ал былай негізінде ойланып көрсек, жүрек жұмсақ болмайды ғой, сондықтан бұл идиома. Толық аудармасы «Ол өте қайырымды адам болған. Егер балаға және өз туысқанына ақшалай көмек керек болса, ол көмектен ешқашан аянбаған».

3. *When the boy asked his parents to allow him to learn to play piano, they agreed because they knew he had a good ear for music.* Бұл жердегі идиома «*good ear for music*» ал, оны сөзбе-сөз аударсақ *good ear* – жақсы құлақ. Толық, мағыналы аудармасы – бала өз әке-шешесінен пианино оқуына баруын сұрады, олар балаға рұқсатын берді, себебі балада әнге деген ынта-сы, қабілеті болды.

4. In the old films when he heroine was about to be foully murdered the hero always managed to rescue her just at the eleventh hour идиома «he just at the eleventh hour». Ағылшын халқында идиома тағы көбінесе жай диалогта пайдаланады.

Идиома.

Zip your lip – don't talk ауызды жауып отыру, сөзбе-сөз аудармасы ауызды құлыппен құлыптап тастау. Our professor has pour sons but it is the youngest son who is really the apple of his eye Идиома «the apple of his eye». Ағылшын тіліндегі zip your lip деген идиомасы қазақ халқының «Ойнап сөйлесең де, ойланып сөйле» деген мақалымен мағынасы жағынан сәйкес келеді.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің бөлшектерінің бір типі:

1. Фразалар
2. Идиомалар

Олардың әрқайсысы жеке сөздерден құралып, күрделенген номинатив орайында жұмсалады да, толық мағыналы сөздердің мазмұны орақтасып, экспрессивті, эмоциялы бояулармен сөйлеу тілінде де, әдеби тілде де жиі қолданылады. Осы жердегі жеке сөздерге тән эмоциональдық-экспрессивті бояу тұрақты сөз тіркесінде де болады. Яғни, бұрыннан қалыпташып, тұрақтанған айрықша экспрессивті бояулы сөз тіркесі болады.

Экспрессивті тұрақты сөз тіркестері әртүрлі көңіл күйіне байланысты қолданылады. Мысалы: «көзімнің қарашығы», «іске сәт», «неткен сұмдық» тәрізді экспрессивті сөз тіркестері тіліміздегі әртүрлі жағдайларда пайдаланылады.

Эмоциональдық-экспрессивті сөздердің тіркесін мына төмендегідей бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады: бірінші топқа үріп ауызға салғандай, емешесі құрыған, сор маңдай сияқты жағымды және жағымсыз образдарды сипаттайтын эмоциональдық-экспрессивті тұрақты сөз тіркесін жатқызуға болады.

Екінші топқа адамның әртүрлі көңіл-күйін білдіретін тұрақты тіркестер жатады. Бұл топқа жақсы көру, еркелетумен байланысты қойылатын тіркестер: көзімнің қарашығы, жан қалқам т.б. жатқызуға болады.

Фразеологизмдер тек жалпы халықтың формада ғана қолданылмайды. Сонымен қатар, орфографиялық ережелері өзгертіліп, өңделіп те жұмсалады. Бұл тәсілді көбінесе ақын-жазушылар көркем әдебиетте, әсіресе, поэзияда оларға ерекше стильдік өң беру үшін, ұйқас, ырғақ талаптарына лайық олардың орны ауысып та, арасында басқа сөздер еніп те, тұлғасы өзгертіліп те жұмсала береді.

Мысалы: Абай Құнанбаев «бір асқанға бір тосқан» деген мәтелге сүйеніп, өлеңді былай құрған:

Бір ғалымнан басқаның
Кеселі көп асқанға
Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанға.
Сөйтіп асқан жолға
Кешікпей-ақ тосқанға.

Фразалардың құрамындағы соңғы сөздер тиісті қосымшаларды қабылдап, сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланысқа еніп, жымдасып, жатқанымен лексикалық тұтастылығы жойылмайды.

Күнделікті сөйлеу тілінде дублет, варианттардың сыңарларын бір-бірімен ауыстырып айтуға болады. Ал тұрақты сөз тіркесі құрамында айтылғанда, олар ауыстырып айтуға көне бермейді. Мысалы: «өмір мен ғұмыр» мәндес болғанымен, «ғұмыр сүру деуден», «өмір сүру үйреншікті». Сондықтан «ғұмыр» сөзіне әуес жазушылар да оңайға қиянат жасай алмайды. Мысалы: Сау-саламат болыңыз. Сізге ұзақ ғұмыр тілейміз. Бақытты өмір сүріңіз. Сондықтан тұрақты тіркестер құрамындағы кейбір сөздердің басқаша айтылуы көбінесе олардың нормалық сиқын өзгеріске ұшыратудың дәлелі болады...

Фразеологиялық тіркестердің ағылшын тілінде қолданылуы

a black eye	синяк под глазом
a black mark (against smb.)	взыскание, выговор (кому-либо)
a black sheep	«паршивая овца», позор семьи (по старому поверью считалось, что черная овца отмечена печатью дьявола). Выражение является частью пословицы There is a black sheep in every flock, что в русском языке звучит как «В семье не без урода»
be in the black	быть в прибыли
be in black book	быть у кого-либо в немилости, на плохом счету
black as a crow	черный как сажа, черный как вороново крыло, как смоль, как уголь

Фразеологиялық тіркестердің қазақ тілінде қолданылуы

Қара бастың қамын жеді	Өзінің ғана пайдасын көздеді, өзінен өнгенің қамын ойламады
Қара борандатты	Ызғар шашты
Қара борбай	Бейнетқор шаруа адамы
Қарадан қарап жүріп(тырып)	Тектен текке, құр босқа, әшейін ақ қарадан туды
Қара бұққара ішінен шықты	Тумысында ақсүйек емес
Қара дауыл	Екпінді, суық, ызғарлы жел

Көркем әдебиеттерді, ауызекі сөйлеу тілін зерттеп қарастырғанымызда түр-түс, реңктік фразеологиялық тіркестердің орыс тіліне не басқа тілдерге аударғанда фразеологиялық тіркестердің реңктік мағынасы өзгеріске ұшырайтынын не мүлдем басқа мағына беретінін байқадық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007.
- 2 Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. – М.: «Русский язык», 2-е изд, 2000.
- 3 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 24 том. М. Әуезов. – Алматы: Жібек жолы, 2006.
- 4 “The New Oxford American Dictionary”, second edition, Oxford University press, 2005.
- 5 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 25 том. М. Әуезов. – Алматы: Жібек жолы, 2006.
- 6 “The American Heritage Dictionary of the English Language”, 4th edition, update in 2009.
- 7 Шығармалар. 1 том, Абай Құнанбайұлы. – Алматы: «Жазушы», 1968.
- 8 “The Oxford Russian Dictionary”, edited by Paul Falla, revised and updated throughout by Colin Howleft, Oxford-Moscow, 1997.
- 9 Шығармалар. 1 том. Абай Құнанбайұлы. – Алматы: «Жазушы», 1968.
- 10 “Longman Dictionary of English Idioms”, printed by Butler & Tanner LTD, London, 1984.
- 11 Charles Dickens, “David Copperfield”. Foreign Languages publishing house, Moscow, 1949.
- 12 Чарльз Диккенс, «Дэвид Копперфилд». Москва, 1983.
- 13 Sir Walter Scott, “Ivanhoe”. Grosset & Dunlap, publishers – New York, 1948.
- 14 Вальтер Скотт. Айвенго. – М.: Изд-во «Детская литература», 1980.